

С. А. Асамаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, экология магистрі

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ

Аннотация. Бұл мақалада экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы әрбір адамның жалпы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған экологиялық үздіксіз білім мен тәрбие берудің өзектілігі қарастырылады.

Түйін сөздер: экологиялық білім мен тәрбие беру, экологиялық жауапкершілік, ғылыми-техникалық прогресс, экологиялық сана, экологиялық ойлау, экологиялық этика, экологиялық мәдениет.

Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жастарды ізгілікке, эстетикаға, отансүйгіштікке баулитын экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Себебі, «табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар тіршілікке қауіп төндіріп отыр.

Экологиялық білім беруге деген қажеттілік адамның өміріне қажет қолайлы ортаны қамтамасыз етумен байланысты. Қоршаған ортаның сапасы адамның негізгі құқығының бірі — денсаулықты және дамудың негізгі мақсатын анықтайды. Экологиялық білім беру табиғатқа адамгершілік қатынасты қалыптастыру, табиғатты өзгертудің шекті мөлшерін анықтау үшін, адамның одан әрі өмір сүруі мен дамуына мүмкіндік беретін мінез-құлқының арнайы әлеуметтік-табиғи заңдылықтарын меңгеру үшін қажет.

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты — табиғатқа деген жауапкершілік қатынасты қамтамасыз ету. Экологиялық білім беру дегенде әрбір адамның жалпы экологиялық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім, тәрбие беру және даму процестерін түсінеміз. Экологиялық жауапкершілік адамның мына қасиеттерімен байланысты: өзінің іс-әрекетін бақылау, табиғи ортадағы өзінің іс-әрекетінің жақын кезеңдегі және болашақтағы нәтижелерін болжай білу, өзіне және басқаларға сын көзбен қарай білу және т. б.¹

Экологиялық білім беру дегеніміз — әртүрлі деңгейдегі экологиялық білімдерді меңгеру. Экологиялық білім берудің екі негізгі бағыты бар қоршаған ортаны қорғаудың жалпы ілімі негізінде тәрбиелеу және табиғатпен антропогенді экожүйелердің өзара қатынасының жалпы заңдылықтары туралы арнайы білім беру. Ал, білім беру жүйесін экологизациялау — экологиялық ойлардың, принциптер мен көзқарастың басқа пәндерге енгізу және экологиялық білімді әртүрлі салалардың мамандарын дайындау.

Ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуы барысында қоғам мен табиғаттың қарым-қатынас мәселелеріндегі күрделі шиеленістерді дұрыс шеше білу, бүкіл жер шарының болашағын, әрбір азаматтың өмірін сақтауға мүмкіндік туады. Өйткені, өндірістің дамуы барысында табиғи қорлардың дағдарысқа ұшырауына, қоршаған табиғи ортаның ластануына себепші болып, жаңа дағдарыстардың туындауына ұйытқы болды.

Табиғат әлемі адамдардың тіршілік ету ортасы. Ал, адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Соңғы жылдардағы мемлекеттік жоспарларды орындау, өндірісті өркендету негізгі міндет болып, табиғатты (ауаны, суды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін) қорғап, ядролық жарылыстар, табиғат байлықтарын

орынсыз пайдалану, табиғатты ауруға ұшыратты. Жұтатын ауамыз, ішетін суымыз, жейтін тамағымыздың құрамында улы заттар көбейді. Заводтардан шығатын қалдықтар сүзгіден дұрыс өткізбестен ауаға таралып, осының нәтижесінде өкпе, рак, жүрек, психикалық аурулар саны көбейіп барады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, аурулардың 80-90 пайызы ішетін ас суынан және жұтатын ауадан туындап отырған көрінеді.

Қазіргі технологиялық заманға сай экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсатына:

қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу;

жастардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру;

қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту;

экологиялық білімді насихаттау жатады.

Қазіргі уақытта экологиялық тәрбие беру жер бетінің әрбір тұрғынын қамтуға тиісті бүкіл халықтық мәселеге айналып отыр.

Экологиялық тәрбие берудің жалпы стратегиялары мен барлық мемлекеттердің осы саладағы әрекеттерін біріктіру Біріккен Ұлттар Ұйымының халық ағарту, ғылым мен мәдениет жөніндегі (ЮНЕСКО) мемлекетаралық ұйымының тікелей атсалысуының арқасында жүзеге асуда.

Париж қаласында 1968 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен биосфераның ресурстарын қорғау және тиімді пайдалануға арналып өткізілген үкіметаралық конференциясында экологиялық білім берудің ғаламдық сипаты тұңғыш рет аталып өтті.

Швейцарияда 1971 жылдың желтоқсан айында өткен бірінші Еуропалық конференция табиғат қорғаудағы халық ағарту мәселелеріне арналып, осы саладағы атқарылуы тиіс іс-шаралардың жобалары белгіленді.

Тбилисиде 1977 жылы ЮНЕСКО мен ЮНЕП-тің (БҰҰ-ның қоршаған ортаға байланысты бағдарламасы) бірге отырып өткізген үкіметаралық конференциясы қоршаған ортаны қорғаудың білім беру саласына арналып, экологиялық білім мен тәрбие берудің халықаралық деңгейде дамуындағы маңызды кезең басталды².

Көптеген ғалымдар экологиялық тәрбиені әртүрлі дүниетанымдық, саяси, адамгершілік, эстетикалық, құқықтық, еңбек т. б. тәрбие элементтерінен тұратын, өзара тығыз байланысқан жүйе ретінде қарастырады.

Соның мазмұнын анықтау үшін аталған ұғымдарға қысқаша мінездеме берсек.

Экологиялық сана — қоғамдық және жеке адам санасының бір бөлігі, адамның табиғатқа өзара қатынасындағы білімі, сенімі және дағдысының жиынтығы.

Экологиялық ойлау — табиғаттағы алуан түрлі өзгерістердің бір-бірімен экологиялық факторлар мен себеп-салдар байланысын ашып түсіну. Ойлау арқылы экологиялық заңдылықтар жүйесі және оның құрылысының күрделі анықталып, жаңа заңдылықтарды игеруге жол ашады.

Экологиялық этика — айналадағы табиғи ортамен қарым-қатынастағы мінез-құлық нормалары мен ерекшеліктерін білу және оны сақтау.

Экологиялық мәдениет — экологияның білім беру жүйесінің міндетті бір бөлігі, адамның материалдық және рухани тіршілігін қамтиды. Екіншіден, экологиялық мәдениет — табиғатты танып білу, пайдалану және жаңартумен байланысты іс-әрекет түрлерінің негізі.

Экологиялық тәрбие мен білім беру — көп сатылы үрдіс. Біріншіден, адамның, қоғамның табиғатқа әсерету ортасындағы білімнің ғылыми жүйесін негіздейді. Екіншіден, жеке тұлғаның адамгершілік дүниетанымын тәрбиелейді. Экологиялық білім мен тәрбие табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтереді.

Экологиялық білім деңгейін көтеруде бұқаралық ақпарат құралдарының, радио-теледидардан берілетін хабарлардың, дәрістердің, интернеттен алынатын экологиялық деректердің, жастардың экологиялық санасын қалыптастыруда рөлі айрықша. Сондай-ақ, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыратын семинар, баспасөз конференциялары, дөңгелек үстел т. б. экологиялық тәрбиенің қайнар көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде 183-бабында экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілуі қажеттілігі көрсетіледі³.

«Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету мақсатымен, Президентіміз Н. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» атты халыққа Жолдауында адамдардың денсаулығын жақсарту, ауруларды болдырмау және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін экологиялық проблемаларды шешу қажеттігі айтылған. Осы Жолдауда: "Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімі 20 пайызға себеп болып отыр, ол кейбір аймақтарда жағдайы мұнан да қиын. Отандастарымыздың үштен бірі сапалы тамақтанбау да теріс демографиялық салдарға әкеп соғады" делінген⁴.

ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОЙ АКАДЕМИИ МВД РК

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында келесі сын-қатерлерге тоқталды. Олар: жаһандық демографиялық теңгерімсіздік, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер, судың тым тапшылығы, жаһандық энергетикалық қауіпсіздік, табиғи ресурстардың сарқылуы, табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу қажет деп көрсетті⁵.

Озон қабатының жұқаруы, улы тұзды жаңбырлардың жаууы, химиялық заттармен ластануы — адамның іс-әрекетінен жасалған қасірет болып табылады. Табиғаттың осындай күйге ұшырап, еліміздің көптеген жерлерінің апат аймағына айналуының бір себебі—экологиялық білім мен тәрбиенің төмендігі.

Соңғы XX ғасырдың екінші жартысында адам баласының алдынан шыққан, табиғатты қорғау мәселесі, жастарды соған сай оқыту мен тәрбиелеудің қажеттілігі туындап, экологиялық мәселелер қазір әлемде өзінің қоғамдық мәні жоғалған алдыңғы қатардағы мәселенің біріне айналды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-шы бабы жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігі екендігі, олардың мемлекет қорғауында болатындығын мәлімдейді, осы конституцияның 38-ші бабы Қазақстан Республикасының азаматтарына табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттейді⁶.

¹ Оспанова Г. С., Бозшатаева Г. Т. Экология: Оқулық. — Алматы, 2002.

² Жатқанбаев Ж. Ж. Экология негіздері. — Алматы, 2004.

³ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 Экологиялық Кодексі.

⁴ Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-2030. — Алматы, 1997.

⁵ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2050». Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012.14 желтоқсан.

⁶ Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы, 2007.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы экологического образования и воспитания в соответствии с современными требованиями.

Resume

In this article the problem of ecological education in accordance with the modern requirements.